

Кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылу шарты

Осы Кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) «Kaspi Bank» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) және жеке тұлғаның (бұдан әрі – Клиент) арасында жасалатын шарт болып табылады, оның талаптары стандарт нысандарда айқындалған және оларды Клиент ұсынылған Шартқа толығымен қосылу арқылы қабылдай алады.

Клиент өзі қол қойған, Банктің белгілеген нысаны бойынша жасалған және Банк акцепттеген Өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) беру арқылы немесе осы Шартқа қосылу туралы талаптар жазылған шартқа қол қою арқылы Шартқа қосылады. Банк Клиентке ағымдағы шот ашу, жеке сәйкестендіру кодын хабарлау және осы Шартқа сәйкес төлем картасын шығару арқылы Өтінішті акцепттейді.

Осы Шартта аталған өзге қызметтерге қатысты Банк осындай қызметтерді көрсету туралы немесе Клиенттің Шарт бойынша осы қызметтерді көрсетуге келісім бергенін білдіретін әрекеттерді жасауы туралы тиісті өтінішті (өтініштерді) қабылдаған сәттен бастап Шарт жасалған болып саналады.

Шоттар бойынша операциялар Шартта көзделген тәртіппен, ал операцияларды www.kaspi.kz интернет-ресурсының көмегімен жүргізген кезде де www.kaspi.kz интернет-ресурсындағы Банктік қызмет көрсету шартында және www.kaspi.kz және www.kaspibank.kz сайттарында орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ-та электрондық банктік қызмет көрсету ережелерінде (бұдан әрі – ЭБТҚ ережесі) белгіленген талаптарда жасалады.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Егер мәтінде тікелей өзгеше көрсетілмесе, Шарттың мақсаты үшін пайдаланылатын терминдердің, анықтамалар мен қысқарған сөздердің мынадай мағынасы бар:

- 1) Авторландыру – Банктің Картаны пайдалану арқылы төлем жасауға рұқсаты. Авторландыру электрондық құрылғыларды пайдаланып, автоматтандырылған режимде немесе телефон байланысын пайдаланып, дыбыстық режимде (бұдан әрі – Дыбыстық авторландыру) жүзеге асырылады;
- 2) Картаны іске қосу – Банк Картаны шығарған кезде Клиенттің Банктің Төлем лимитінен немесе Банк ұсынатын кез келген тәсілмен қандай да бір басқа талаптардан тыс авторландыруды беруден бас тартуын көздейтін Картаны пайдаланып шығыс Операцияларын жүргізуге белгіленген техникалық шектеуді жою рәсімі;
- 3) Банк күні – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын Астана қ. уақытымен сағат 9.00-ден 19.00-ға дейінгі кезең;
- 4) Банктік қызмет көрсету – осы Шартқа сәйкес Банктің көрсететін банктік қызметі;
- 5) Банкомат – Клиентке қолма-қол ақша алуға және Банктің басқа қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;
- 6) Тосқауылдау – Картаны пайдаланып төлем жасауға толық немесе уақытша тыйым салу;
- 7) Шот-көшірме – Клиенттің сұратуымен Банк жасақтайтын және Шот бойынша жүргізілген Операциялар көрсетілетін Шот бойынша үзінді көшірме;
- 8) Қайтарылатын төлем – Банкке жазбаша шағым және т.с.с. беру арқылы Клиенттің Картаны пайдаланып жүргізген шығыс Операциясына наразылығын білдіруі және Банктің Клиенттің шағымының негізділігін мойындауы салдарынан Картаға қызмет көрсету шотына аударылған ақша;
- 9) Ұстаушы/Клиент – Шарттың талаптарына сәйкес Картаны пайдалануға құқығы бар жеке тұлға;
- 10) Импринтер – Слиптегі Картаның оң жағының бедерін алуға мүмкіндік беретін механикалық құрылғы;
- 11) Карта – Клиентке төлемдер жасауға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және Картаның эмитенті анықтаған және оның талаптарында басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараты бар, банкоматтар, электрондық терминалдар немесе басқа да

құрылғылар арқылы Клиенттің Шоттағы ақшасына қол жеткізу құралы болып табылатын Шартта көрсетілген ХТЖ-ның бірінің төлем Картасы;

12) ДСЖК – Банк қашықтан байланысу арнасы арқылы электрондық банктік қызмет көрсеткен кезде Клиентке хабарлайтын динамикалық сәйкестендіру жүйесінің коды;

13) Кіру коды – Клиент қашықтан байланысу арналары бойынша Банкке хабарласқан кезде Клиентті сәйкестендіру мақсатында айтылатын Клиенттің ақпаратына кірудің жеке цифрлық коды және/немесе әріптік коды;

14) Жеке кабинет – Клиентке Банктің айқындаған электрондық банктік қызметтерді ұсынуға және электрондық банктік қызметтердің талаптарында көзделген басқа мақсаттарға арналған www.kaspi.kz мекенжайындағы интернет желісіндегі парақша, оған кіру Клиенттің www.kaspi.kz сайтында авторлануы арқылы жүзеге асырылады;

15) Жеңілдік кезеңі (немесе грейс-кезең) – шарттарда көзделген комиссиялар есептелмейтін және ұсталмайтын не болмаса кейбір қызмет ақысын төлеуге жеңілдік берілетін немесе шарттардың талаптарын өзге жеке уақытша жақсартулар берілетін, соның ішінде Банк грейс-кезең деп айқындайтын уақыт кезеңі. Жеңілдік кезеңі бір немесе бірнеше адамдарға, Банктің анықтайтын уақыт аралығында бір немесе бірнеше Операцияға қатысты қолданылуы мүмкін. Жеңілдік кезеңін беру талаптарын Банк тиісті ақпаратты Сайтта жариялау арқылы және/немесе бір қашықтан байланысу арнасымен хабарлама жолдау арқылы хабарлайды;

16) ХТЖ – MasterCard WorldWide халықаралық төлем жүйесі/ Visa International / American Express Card / JCB / Diners Club / China UnionPay / PPS PayPal және т.б. халықаралық төлем жүйелерінің бірі – төлем карталары технологиясын пайдалану негізінде белгілі бір ережелер мен талаптармен бір-бірімен біріктірілген және өзара қарым-қатынас орнататын есептесуге қатысушылар мен олардың есептесу агенттерінің жүйесі. ХТЖ жұмыс істеу ережесін белгілейді және өзінің қатысушыларына ақпараттық қолдау көрсетеді;

17) Мультивалюталық қызмет көрсету – Клиенттің Шоттары бойынша қашықтан байланысу арналары арқылы аударыммен, валюта айырбастаумен байланысты Операцияларды жүргізу мүмкіндігін және Банктің анықтаған және Сайтта жарияланған талаптарда басқа да әрекеттерді көздейтін банктік қызметтер кешені;

18) Операция – қолма-қол ақша алу, шоттарды толтыру, валюта айырбастау, тауарлар мен қызмет ақысын төлеу және Шот-көшірмеде көрсетілетін басқа да операциялар;

19) Техникалық овердрафт немесе Овердрафт – Клиенттің Шоттағы меншікті ақшасының қалдығынан тыс немесе белгіленген лимиттен тыс жұмсалған ақша сомасы (Лимиттен тыс берешек). Банк көрсеткен қызметтерінің құнын алған кезде Техникалық овердрафт пайда болуы мүмкін;

20) Жеке талаптар – жеке талаптар және Банктің қызмет көрсетуінің жақсартулары туралы ақпарат, ол Банк анықтаған, талаптарды жақсартуға бағытталған, шарт жасалған сәтте анықталған жеңілдік кезеңін/промо-кезеңін беруді және/немесе қызмет көрсетудің басқа параметрлерін білдіреді;

21) ЖСН-коды немесе PIN – автоматтандырылған режимде авторландырған кезде Клиентті сәйкестендіру үшін пайдаланылатын жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке цифрлық код;

22) Төлем лимиті – ақша сомасы, оның шегінде Ұстаушының Картаны пайдаланып, шығыс Операцияларын жасауға құқығы бар. Оған теңгедегі Шоттардағы ақшаның оң қалдығы мен шоттарда әлі көрсетілмеген Операциялар сомасын шегеріп тастағанда несие лимитінің Қолжетімді қалдықтары кіреді;

23) Промо-кезең – банктің қызмет көрсету және/немесе сервис-пакет шарттарының қолданылу мерзіміне қарамастан, банктік қызмет көрсетудің кейбір қызметтері және/немесе сервис-пакеттері тегін негізде ұсынылатын уақыт кезеңі;

24) POS-терминал – автоматтандырылған режимде Карта бойынша операцияларды Авторландыру үшін пайдаланылатын электрондық терминал. Эквайер-Банктер Карта бойынша қолма-қол ақша беру үшін немесе сауда/сервис орындарында тауарлардың/қызметтердің ақысын қолма-қол жасалмайтын тәсілмен төлеу үшін пайдаланады;

25) Сайт – www.kaspi.kz, www.kaspi.kz мекенжайындағы интернет-ресурс немесе Банктің ресми интернет-ресурсы ретінде www.kaspi.kz сайтында сілтемесі келтірілген басқа интернет-ресурс;

26) Жинақ шот – Банктің Клиентке салымды орналастыруы үшін ашатын банктік шоты;

- 27) Клиент туралы мәліметтер – Клиенттің шарттарды жасасқан кезде және Картаны алған кезде Банкке беретін құжаттары мен мәліметтері, онда ықтимал Клиент/Клиент туралы ақпарат (Сауалнама), Клиент қол қойған және Банкке берген және/немесе Клиент Банк көздеген тәсілмен қашықтан байланысу арналары арқылы хабарлаған Клиенттің растамалары, кепілдіктері мен келісімдері, Клиенттің деректері жазылған өзге құжаттар болады;
- 28) Слип – Карта бойынша операцияны жүргізген кезде Эквайер-Банктің немесе сауда/сервис орнының Дыбыстық авторландыру режимінде қағаз тасымалдағыштағы Импринтердің көмегімен жасалатын төлем құжаты;
- 29) Шот – Шарт бойынша Банк Клиентке ашатын ағымдағы банктік шоттар, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген Операцияларды орындау үшін олардың біріне Карта арқылы қол жеткізіледі;
- 30) Стоп-парақ – жоғалған, ұрланған және тосқауыл қойылған Карталардың нөмірлерінің тізімі;
- 31) СМС-сервис – Шотқа қызмет көрсету бойынша Банктің қызметі, оның аясында Банк Картаны пайдалану арқылы Шот бойынша Операцияны жүргізу туралы мәліметтерді береді;
- 32) Эквайер – банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, олардың сауда/сервис орындарымен шарттық қатынастары бар және Картаны пайдаланып тауарлар/қызметтер үшін төлем жасаған кезде олар ресімделген чекке/Слипке сай сауда/сервис орнының пайдасына ақша қабылдауға тиіс. Қолма-қол ақшаны беретін банк те эквайер болып табылады;
- 33) Тарифтік жоспар – Шарт бойынша Банктің кейбір қызмет көрсету талаптары мен кейбір тарифтері кіретін банктік қызметтің типтік түрінің шартты атауы;
- 34) Тариф/Тарифтер – Карта және Шот бойынша Операцияларға байланысты Сайтта көрсетілген Банктің тарифтері;
- 35) терминал – электрондық-механикалық құрылғы, ол қолма-қол ақша беру (қабылдау), төлем жасау және ақша аудару бойынша операцияларды, шетел валютасын айырбастау операцияларын және басқа да банктік операцияларды, соның ішінде төлем карталарын, электрондық ақша пайдаланып операциялар жүргізуге, сондай-ақ тиісті операциялардың өткізілгенін растайтын құжаттарды жасауға арналған;
- 36) Қашықтан байланысу арнасы – Клиент пен Банктің арасында ақпаратты беру құралдарының бірі: Банктің анықтайтын талаптарында және тәртібімен пайдаланылатын электрондық пошта (e-mail), пошталық байланыс, интернет-банкинг, ұялы банкинг, телебанкинг, USSD/SMS-хабар, телефон, факс, банкомат, POS-терминал, терминал, Жеке кабинет, Мобильді қосымша (соның ішінде Push-хабарлама арқылы), Интернет киоск, интернет-бөлімше, әлеуметтік желідегі Клиенттің парақшасындағы хабар, Банктің әлеуметтік желідегі ресми парақшасындағы хабар.

1.2. Шартты жасасқанда және оны орындаған кезде пайдаланылатын өзге терминдер мен анықтамалардың ХТЖ ережесінде, Банктің несие желісінің Стандарт ережелерінде, ЭБТҚ ережесінде, Сайтта орналастырылған ақпараттық банктік қызметтерге арналған жария шарттың талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған мағынасы бар.

1.3. Клиенттермен қарым-қатынас орнату, соның ішінде қашықтан байланысу арналары арқылы, банктік қызмет көрсету талаптарын түсіндіру, ұсынылған, соның ішінде Клиент Шартқа қосылған күнге дейін ұсынылған Жеке талаптарды түсіндіру мақсатында, 1.1.-тармақта жазылған терминдердің мәніне Сайтта орналастырылған ақпараттық банктік қызметтерге арналған жария шарттың талаптарында көзделген анықтамалар пайдаланылуы мүмкін.

2. Шарттың мәні

2.1. Шартқа сәйкес Банк ХТЖ-ның бірінің Картасын шығарады, оны Клиентке беріп, оған Қызмет көрсетеді, оны Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен тауарлардың/қызметтердің ақысын төлеу немесе қолма-қол ақша алу үшін және Банкпен жасалған тиісті шарттардың талаптарында анықталған тәртіппен өзге мақсаттар үшін пайдаланады және Банк осы бөлімде көзделген банктік қызмет көрсетеді, Клиенттің Шотын ашады, оған қызмет көрсетеді және жабады, ал Клиент көрсетілген қызмет ақысын төлеуге міндетті.

2.2. Шартқа сәйкес Картаға қызмет көрсету аясында Банк Клиентке Сайтта орналастырылған тиісті Шартта көзделген электрондық банктік қызметтерді көрсетеді.

2.3. Клиент Банктің қызметінің ақысын операцияларды жүргізген кезде Банктің Тарифтеріне сай қолма-қол жасалмайтын тәртіппен, қолма-қол ақшамен, Банктің Клиенттің шоттарын тікелей дебеттеуі арқылы және/немесе операциялар жүргізген кезде Банктің Клиенттің шотынан немесе Клиенттің Банктегі немесе басқа банктердегі кез келген өзге банктік шотынан ақшаны акцептсіз тәртіппен алуы арқылы төлейді.

3. Картаны беру және төлем жасау талаптары

3.1. Карта Клиентке Картаны пайдалану ережесінде көрсетілген тәсілдермен беріледі.

3.2. Негізгі Картаның ұстаушысы Шоттың иесі болып табылады.

3.3. Банк бір Шот бойынша бірнеше қосымша Карта беруге құқылы. Банк қосымша Карталарды шығару және оларға қызмет көрсету тәртібі жөнінде Шартқа тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін немесе Шартта осындай шығару және қызмет көрсету талаптары бар болған кезде қосымша Карталарды шығару қызметін көрсетеді.

3.4. Карталарды пайдалану және Банктің Ұстаушыларға берген тиісті өкілеттіктерінің көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасында, тиісті ХТЖ нормаларында, Шартта және оның ажырамас бөлігі болып табылатын Карталарды пайдалану ережесінде (Шарттың №1 қосымшасы) реттеледі.

3.5. Карта немесе оның нөмірі де Банктің және үшінші тұлғалардың Клиентті Банк пен үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларының (адалдық бағдарламаларының, бонустық және өзге бағдарламаларының) аясында, соның ішінде банктік ақпараттық жүйеде және үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде сәйкестендіру құралы болып табылады;

3.6. Банктің ХТЖ-мен есеп айырысу валютасы – АҚШ доллары не EURO, не қолданылатын ХТЖ ережелеріне сәйкес өзге валюта. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде ХТЖ арқылы АҚШ долларынан басқа валютада жасалған Операция сомасы Банктің ХТЖ-мен осы Операция бойынша есеп айырысқан күнгі АҚШ долларына қатысты Операция валютасының ХТЖ белгілеген айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларына айырбасталады және Банк бұл соманы Банк Шоттан ақшаны есептен шығарған күні Банктің ішкі талаптарында белгіленген валютаның айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларына балама сомада Шоттан акцептсіз тәртіппен алады.

3.7. Жүргізу валютасы Қазақстан Республикасының аумағында ХТЖ арқылы жасалған Операция валютасынан басқа Шоттан акцептсіз тәртіппен Банк Шоттан ақшаны есептен шығарған күні Банктің ішкі талаптарында белгіленген валютаның айырбастау бағамы бойынша Операция сомасына балама Шотты жүргізу валютасындағы сома алынады.

3.8. Шартқа қосыла отырып, Клиент Банкке:

3.8.1. Шарттың талаптарында көзделген мақсатта оның Шотын, соның ішінде Шотқа қате аударылған ақшаны, сондай-ақ Банктің алдындағы кез келген берешек сомасын тікелей дебеттеуге;

3.8.2. Банктің алаяқтық операциялар екеніне күмәні болған кезде (үшінші тұлғалардың Картаны не болмаса ЖСН-кодын рұқсатсыз пайдалану қаупінің алдын алу үшін) мән-жайды анықтағанға дейін Клиентке хабарламай Картаға тосқауыл қоюға келісім береді. Бұл жағдайда Банк өз қалауы бойынша Картаға тосқауыл қоюға құқылы, бірақ міндетті емес;

3.8.3. Өзі туралы дербес деректерді, соның ішінде банктік құпияны, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты байланыс қызметін, сақтандыру қызметін, өзге қызметтерді ұсынатын үшінші тұлғаларға беруге, жинауға, өңдеуге Банкке өз келісімін береді. Банк алған дербес деректер тарап ретінде Клиент пайда алушы немесе мүдделі тұлға болып табылатын шарттарды жасасу және орындау үшін; оларды орындауға мәжбүрлеу немесе берешекті өндіріп алу үшін, клиенттің құқықтары мен міндеттерінің тиісінше іске асырылуын қамтамасыз ету үшін; мәліметтерді анықтау үшін, соның ішінде алаяқтық операцияларға жол бермеу мақсаты үшін; шарттарды орындаумен байланысты ақпаратты, үшінші тұлғалардың бірлескен бағдарламаларына (адалдық бағдарламаларына) қатысатын үшінші тұлғалардың мәліметтері мен ақпаратын Клиенттің назарына жеткізу үшін; сақтандыру, пошталық ұйымдарға, байланыс ұйымдарына беру үшін; мерзімі өткізілген Берешекті өндіріп алу үшін

коллекторлық және басқа ұйымдарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға беру үшін пайдаланылады және пайдаланылуы мүмкін.

3.9. Клиент жол берген Овердрафт тез арада өтелуге тиіс.

3.10. Банкпен жасалған шарттар бойынша берешекті өтеу міндеті туындаған сәттен бастап Шотқа түсетін ақша ағымдағы күнгі берешекті төлеуге жіберіледі.

3.11. Картаға қызмет көрсету шотында Төлем лимиті жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиентке:

1) тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің, сауда және сервис кәсіпорындарының (ССК), соның ішінде сақтандырушының қызмет ақысын төлеу бойынша шығыс Операцияларын, Картаны (оның деректемелерін) пайдаланып банктік аударымдар жасау;

2) Клиенттің есептелген төлемдерді, комиссияларды және шарттар мен Банктің Тарифтеріне сай Банкке тиесілі өзге де төлемдерді Банкке төлеуі үшін қажетті мөлшерде Овердрафт береді.

3.12. Овердрафтқа жол берілген кезде және Овердрафттың лимиті артық болғанда, Банк Банктің Тарифтерінде немесе Жеке талаптарда белгіленген мөлшерлерде комиссия немесе тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

3.13. Банк Овердрафт беруден бас тартуға құқылы.

3.14. Картаның қолданылу мерзімі Картада көрсетіледі немесе қашықтан байланысу арнасы арқылы хабарланады. Карта Картада көрсетілген ай мен жылдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейін немесе Қашықтан байланысу арнасы арқылы Картаның деректемелерін хабарлаған кезде көрсетілген ай мен жылдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейін немесе Қашықтан байланысу арналарының бірімен Банк хабарлаған өзге мерзімге дейін қолданылады. Банк Клиентке картаның қолданылу мерзімінің аяқталатыны туралы Клиент Банкке келген кезде өзіне немесе оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 10 күн бұрын Банктің таңдауы бойынша Қашықтан байланысу арналарының бірімен хабарлайды.

3.15. Клиенттің ЖСН-кодын, Кіру кодын немесе ДСЖК-ны енгізгенде расталған, Банк анықтаған қорғалған режимде қашықтан байланысу арнасы арқылы орындалған, ақшаға иелік ету, төлемдік нұсқаулар жасау, сауалнама деректерін өзгерту бойынша әрекеттері Клиенттің Банкте жеке өзі жасаған жазбаша өкіміне теңестіріледі.

3.16. Клиент Банкке жоғалған/ұрланған немесе басқа жолмен жойылған Картаға тосқауыл қою туралы талабымен хабарласқанға дейін жасалған Операцияларды Клиент жеке өзі жасаған болып саналады.

3.17. Клиент қажетті құжаттарды бергеннен кейін немесе Шартта көзделген әрекеттерді жасағаннан кейін шоттар ашылып, Карта шығарылады.

3.18. Банк Клиентке Картаны төмендегі талаптарды ескере отырып шығарады:

1) Карта, соның ішінде қосымша карта Клиенттің жеке өзіне немесе поштамен тапсырысты хат жіберу арқылы немесе курьер арқылы немесе Картаны электронды түрде шығарған/қайта шығарған жағдайда, Қашықтан байланысу арналарының бірі, соның ішінде Жеке кабинет, Мобильді қосымша, Телефон нөміріне СМС-хабар жіберу арқылы Клиентке Картаның деректемелерін хабарлау арқылы беріледі;

2) ЖСН-код Клиент Банктің Call Center телефоны арқылы Банкке хабарласқан кезде немесе Банктің қалауы бойынша басқа да қашықтан байланысу арнасы арқылы Клиентке хабарланады;

3) Шартқа сай шығарылған барлық Карталар Банктік меншігі болып табылады және Банктің бірінші талап етуімен Клиент Банкке қайтаруға тиіс;

4) Өзінің атына шығарылған адам ғана Картаны Операция жасау үшін пайдалана алады. Бұл ретте Картаны пайдалануға және Операцияларды жасауға қатысты Шартта белгіленген барлық талаптар Қосымша картаны ұстаушыға қолданылады.

5) Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты Банк Ұстаушыға Банктің таңдауы бойынша Қашықтан байланысу арналарының бірімен Картаның деректемелерін ұсына отырып, автоматты түрде Картаны электронды түрде қайта шығаруы мүмкін. Қайта шығару Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе кейін кез келген кезеңде жүзеге асырылуы мүмкін.

3.19. Клиенттің Картаны пайдаланып шығыс Операцияларын жасауды бастауы үшін, Банк картаны іске қоспаған жағдайда, Клиент алынған Картаны Іске қосу үшін мынадай тәсілдердің бірімен:

1) Клиент Банкке жеке өзі барған кезде (Клиент жеке басын куәландыратын құжатты берген кезде);

- 2) Банктің Call Center телефоны бойынша, Клиент мұндай қоңырауларды Телефон нөмірі арқылы ғана соққан кезде;
- 3) Банктің Іске қосу үшін көзделген басқа да қашықтан байланысу арнасы арқылы Банкке хабарласады.

3.20. Шарт жасасу арқылы Клиент:

- 1) үшінші тараптың ақы төлеуге Картаны қабылдауын талап етуге;
- 2) техникалық ақаулар туындаған кезде (байланыс желілерінің немесе жұмыс істеуі Банкке тәуелді емес коммуникациялық жабдықтың істен шығуы) немесе үшінші тұлғаның Операция жасаудан бас тартуына (соның ішінде басқа банктердің операция жасаудан бас тартуы немесе Картамен жасалатын операциялар бойынша шектеулер енгізуіне) байланысты себеппен Операциялардың жүргізілуін қамтамасыз етуге;
- 3) Картанын/Карталардың Ұстаушысы/Ұстаушылары тұратын елдің валюталық немесе өзге нормативтік шектеулеріне әсер етуге;
- 4) басқа банктердің Картаны пайдалану арқылы қолма-қол ақша алу сомасына белгілеген лимиттеріне әсер етуге;
- 5) үшінші тұлғалардың қандай да бір деңгейде Картанын/Карталардың Ұстаушысының/Ұстаушыларының мүдделерін қамтыған әрекеттеріне әсер етуге Банктің мүмкіндігі жоқ екенін мойындап, онымен келіседі.

4. Банктік шоттарды ашу және жүргізу талаптары

4.1. Банк – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-тың қатысушысы және 31.10.2008 жылғы № 011 куәліктің негізінде әрекет етеді. Банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, Банктің Клиенттің шоттарынан ақша қалдығын қайтару міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылады.

4.2. Шарт жасалған сәтте Банкте Шот болған кезде мұндай шотқа қызмет көрсету бойынша Тараптардың арасындағы қарым-қатынас Шартта реттелуі мүмкін.

4.3. Банк қашықтан байланысу арнасы арқылы алған Клиенттің өтініші бойынша www.kaspi.kz интернет-ресурсындағы Банктік қызмет көрсету шартында және ЭБТҚ ережесінде көзделген жағдайларда, ондағы тәртіппен және талаптарда Клиентке қашықтан банктік, соның ішінде жинақ шоттарын ашу бойынша электрондық банктік қызмет көрсетеді.

4.4. Клиент Шотты кәсіпкерлік қызметті, адвокаттық, жеке нотариаттық қызметті, сондай-ақ жеке сот орындаушысының қызметін жүргізу мақсатында пайдаланбауға міндеттенеді.

4.5. Осы Шарттың аясында төмендегі банктік шоттар ашылуы мүмкін:

- 1) Картаға қызмет көрсету шоты;
- 2) банктік қызмет көрсету шоты;
- 3) жинақ шот.

4.6. Клиенттің ақшасын есепке алу мақсатында Банк әр шотқа қашықтан байланысу арнасы арқылы Клиентке хабарланатын жеке сәйкестендіру кодын береді. Банктік шоттар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес мақсатта ашылады.

4.7. Шоттар Клиент өз Өтінішінде немесе осы Шартта көрсеткен валюталарда ашылады.

4.8. Шоттарды жүргізудің негізгі талаптары:

- 1) Шоттар Клиентке Шарт жасалған күні ашылады;
- 2) Шоттың жеке сәйкестендіру коды қашықтан байланысу арнасы арқылы хабарланады;
- 3) Шот қазақстандық теңгеде ашылады және жүргізіледі;
- 4) Картаға қызмет көрсету шотындағы ақша Картамен жасалатын, оған қоса, бірақ шектелмей: сауда/сервис кәсіпорындарында тауарлардың құнын/қызмет ақысын төлеу, POS-терминал, Импринтер арқылы жасалатын операциялар бойынша есеп айырысу үшін, сондай-ақ Банкомат арқылы немесе Банктің құрылымдық бөлімшелерінде қолма-қол ақша алу үшін;
- 5) Шоттар бойынша ақша аударуға және оны есептен шығаруға байланысты қызмет ақысы Операция жасалған сәттегі Банктің Тарифтеріне сай төленеді.

4.9. Банк Клиенттің Жеке кабинетінде көрсету арқылы Клиентке Шот-көшірмені ай сайын жолдайды. Шот-көшірменің ақпараттық сипаты бар және онда Шотта көрсетілген Операциялар туралы, төлем карточкасының деректемелері, есептік кезеңдегі бірінші және соңғы күн туралы ақпарат; төлем карточкасын пайдаланып жасалған әр төлемнің сомасы мен жасалған күні; төлем

карточкасын пайдаланып төлем жасағаны үшін Клиенттен ұсталған комиссиялық төлем мөлшері және шарттарға және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ақпарат, сондай-ақ Банк Клиенттің назарына жеткізілуі тиіс деп санайтын ақпарат жазылады.

4.10. Клиент Банктің басқа ұйымдардан ақша түсу мерзімдерін бақылауға немесе реттеуге не болмаса ақша аударғаны үшін алынатын комиссиялардың мөлшерлеріне әсер етуге мүмкіндігі жоқ екенімен келіседі.

4.11. Клиенттің пайдасына қолма-қол жасалмайтын төлеммен түскен ақшаны Банк тиісті түрде ресімделген төлем құжаттарының негізінде аударады.

4.12. Клиент шоттарды қолма-қол немесе қолма-қол жасалмайтын тәсілмен ақша салу арқылы толтырады. Банк қолма-қол ақшамен Банктің кассасында немесе терминалда шоттарды толтыру операциясы бойынша және Банк эмитенті болып табылмайтын төлем картасы арқылы Шотты толтыру бойынша қолма-қол жасалмайтын аударымдар жасаған кезде шектеулер белгілеуге құқылы.

4.13. Клиент ақшаны басқа банктерден, несиелік ұйымдардан немесе пошта байланысы бөлімшелерінен қолма-қол жасалмайтын тәртіппен аударған жағдайда, Банктің кінәсі болмай бұл ақшаның шоттарға түсуінің кешіктірілуі мүмкіндігіне байланысты тәуекелдерді Клиент көтереді.

4.14. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, үшінші тұлғалардың Шоттарға ақша салуына жол беріледі.

5. Тараптардың міндеттері

5.1. Банк:

- 1) Клиент Банкке Өтініш берген сәттен бастап 30 (отыз) банк күні ішінде Картаны дайындап, оны немесе оның деректемелерін (электронды түрде шығарылған кезде) беруге;
- 2) Авторландыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 3) ~~барлық қажетті төлем құжаттарын алған сәттен бастап~~ 3 (үш) банк күні ішінде заңнамада белгіленген мерзімдерде Клиенттің банктік шоттарына ақша аударуға;
- 4) Клиентке Банктің қалауы бойынша қашықтан байланысу арнасы арқылы электронды тәсілмен немесе Банктің бөлімшесінде Тарифтерге сай Шот-көшірмені беруге;
- 5) Клиентке Картаны пайдалану ережесіндегі және Тарифтердегі барлық өзгерістер туралы Банктің қалауы бойынша мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Клиент Банкке келген кезде жеке өзіне, мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін кем дегенде 15 (он бес) күннен кешіктірмей, қашықтан байланысу арнасы арқылы, Банктің операциялық залдарына хабарландырулар ілу арқылы, сондай-ақ Банктің Сайттарында жариялау арқылы хабарлауға міндеттенеді.

5.2. Клиент:

- 1) қолданыстағы Тарифтерге сай Банктің барлық қызметінің ақысын төлеуге;
- 2) Шот бойынша операцияларды жүргізгені үшін, егер олар жүргізілгенге дейін Банкке Картаға тосқауыл қою немесе оның күшін жою туралы өтініш жолданбаса, даусыз тәртіппен есеп айырысуға;
- 3) өтініште көрсетілген тұрғылықты жерінің мекенжайының, жұмысы мен үйінің телефон нөмірлерінің және басқа да деректерінің өзгеруіне байланысты барлық жағдайлар туралы Банкке осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде хабарлауға;
- 4) шарттың құпия болып табылатын талаптарын ашпауға, сондай-ақ тұратын мекенжайының, ұялы телефон нөмірінің, Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттарының өзгерген, Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттары жоғалған барлық жағдайлар туралы Банкке міндетті түрде дереу хабарлауға;
- 5) ЖСН-кодты, ДСЖК, Жеке кабинетке кіретін логин мен парольді, сондай-ақ Кіру кодтарын Банктің қызметкерлерін қосқанда, ешқандай үшінші тұлғаға хабарламауға;
- 6) Техникалық овердрафтты уақтылы өтеуге және Техникалық овердрафтқа (ол бар болса) жол берген жағдайда есептелген комиссияны төлеуге;
- 7) Картаның сақталуын қамтамасыз етуге және оны үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 8) Банкке Картаны алып қоюға, Тосқауылдауға, Стоп-параққа енгізуге байланысты барлық шығысты, егер Банк Клиенттің кінәсінен осындай әрекеттерді қолданса, даусыз орындалатын тәртіппен өтеуге;

- 9) Клиентке тиесілі емес ақша Клиенттің шотына қате аударылған жағдайда, бұл туралы Банкке дереу хабарлауға және Шот-көшірмені алған сәттен бастап немесе Банктен тиісті жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде шотқа қате аударылған ақшаны Банкке қайтаруға;
- 10) Банктен қашықтан байланысу арнасы арқылы осы Шартты бұзу туралы хабарлама алған кезде, Картаны/карталарды пайдалануды дереу тоқтатуға;
- 11) Шотта Картаны пайдаланып төлем жасалған кезде жазылған төлем құжатын орындауға қажетті ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге;
- 12) Клиенттің кінәсінен немесе Картаға Тосқауыл қоюға байланысты Банктің шеккен шығыны мен сот шығыстарын даусыз тәртіппен өтеуге;
- 13) Картаны пайдаланғаны үшін Банктің алдында толық қаржылық жауапкершілік атқаруға және бақылауға;
- 14) шоттар бойынша операциялар жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 15) Банктің талап етуімен Картаны пайдаланып жасалған валюта төлемдері бойынша растайтын құжаттарды Банктің тиісті талабын алған күннен бастап 3 (үш) банк күні ішінде беруге;
- 16) Картаның ұрланғаны, жоғалғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы Банкке дереу хабарлауға;
- 17) Клиент Картаны алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерде пайдаланған жағдайда, Клиент Картаны алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерде пайдалануын тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде Картаны қайта шығару үшін Банкке өтініш білдіруге және қайта шығарылған сәтте қолданыста болатын Тарифтерге сәйкес Картаны қайта шығару ақысын төлеуге. Аталған талаптарды сақтамаған жағдайда және осыған байланысты осы Карта бойынша алаяқтық Операциялар туындағанда, Клиент Банктің барлық шығыстарын, сондай-ақ Банкке келтірген залалды даусыз тәртіппен өтеуі тиіс. Осы Шарттың мақсаттары үшін алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерге Сайттарда немесе ХТЖ сайттарында аталған елдер жатады;
- 18) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің талаптарына сәйкес банктік шоттарды ашуға және Клиентті сәйкестендіруге қажетті құжаттарды беруге;
- 19) ЭБТҚ ережесіне сәйкес Логин ретінде Телефон нөмірін пайдалану арқылы Клиентке ашылған Жеке кабинетке қолжетімділік алу үшін www.kaspi.kz сайтында қажетті әрекеттерді орындауға;
- 20) Банктен ақпарат, соның ішінде Шот-көшірме жөнінде, Банк электронды түрде шығарған/қайта шығарған Картаның деректемелері туралы, ұсынылған Жеке талаптар, өзгерістер немесе жақсартулар туралы ақпарат алу үшін Клиенттің Жеке кабинетіне (тіркелу арқылы сәйкестендіріліп немесе логин мен парольді енгізіп) кіруге міндеттенеді.

6. Тараптардың құқықтары

6.1. Банк:

6.1.1. Банк пен Клиенттің арасында жасалған шарттарда көзделген тәртіппен және жағдайларда Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шотынан:

- 1) Операциялардың;
- 2) Банк қызметі үшін Тарифтерге сай комиссиялардың;
- 3) осы Шарттың талаптарын және Картаны пайдалану ережесін бұзып Картаны пайдаланудың нәтижесінде Банктің шеккен кез келген шығынының;
- 4) Клиенттің шоты бойынша оның пайдасына ақшаның қателесіп түскенін куәландыратын бухгалтерлік жазба анықталған күннен кейінгі келесі банк күнінен кешіктірмей клиенттің шоттарына қате есепке жазылған Клиентке тиесілі емес ақшасының;
- 5) Клиенттің Банктің алдындағы кез келген берешегінің сомасын тікелей дебеттеу арқылы алуға;

6.1.2. Банктің комиссиясы төлемдік тапсырмада бөлек белгіленбесе, Банктің комиссиясын шоттарға есепке жазу үшін аударылған ақшадан ұстап қалуға;

6.1.3. Шотқа ақша есепке жазылып қойылған жағдайда, Клиенттің ақшаны шотқа есепке жазуға нұсқауын кері қайтарудан бас тартуға;

- 6.1.4. Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткенде Операция жөнінде Клиенттің берген шағымын қарауға қабылдамауға;
- 6.1.5. Клиент Шартта және Картаны пайдалану ережесінде көзделген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Клиенттен Картаның жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарламаны алғанда, Клиенттің шоттарындағы ақшасына тыйым салынғанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатылғанда, шоттарға қойылған орындалмаған талаптар, Банктің алдында мерзімі өткізілген берешегі болған жағдайда, кейіннен Картаны алып қою және осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзу арқылы немесе аталған әрекеттерсіз Картаға тосқауыл қоюға, сондай-ақ берешек пен тұрақсыздық айыбын өтеуін талап етуге;
- 6.1.6. Төлем құжаттарында Банктің атауы, БСК (банктік сәйкестендіру коды), Клиенттің атауы, жеке сәйкестендіру коды, Клиенттің ЖСН, басқа да деректемелері дұрыс көрсетілмегенде не болмаса қате көрсетілген жағдайда немесе цифрмен және жазбаша жазылған ақша сомасында алшақтықтар болса немесе төлем валютасы банктік шоттың валютасына сәйкес келмеген жағдайда, шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;
- 6.1.7. Клиент Картаны алуға өтініш берген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) айдан астам Банкке келмегенде немесе Өтінішке қол қойған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) айдың ішінде ЖСН-кодын алмаған жағдайда, Картаның күшін жойып, Шотты жабуға;
- 6.1.8. Картаға тосқауыл қойылған кезде немесе оның қолданылу мерзімі өткенде Картаны немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, Шот бойынша шығыс және кіріс Операцияларын (қолма-қол ақшаны алу, толықтыру, қолма-қол ақшасыз тәсілмен толықтыру, тауарлар мен қызметтердің ақысын төлеу және т.б.) тоқтата тұруға;
- 6.1.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар немесе тұлғалар Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрғанда, Шоттағы ақшаға тыйым салған жағдайда, Клиентке төлемдік Операцияны Авторландырудан және/немесе оның Шотынан ақша алу операцияларын жүргізуден бас тартуға;
- 6.1.10. Клиенттен Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына сәйкес Шот бойынша операцияларды жүргізуге қажетті құжаттарды беруін талап етуге;
- 6.1.11. Техникалық овердрафтқа жол берілген кезде осы Шот бойынша берілген барлық Карталарға тосқауыл қоюға. Картаға тосқауыл қою және Шотқа ақша салу қажеттігі туралы ақпаратты Банк қашықтан байланысу арналары арқылы Клиенттің назарына жеткізеді;
- 6.1.12. Төлем құжатын алғанға дейін, Картаны пайдалану арқылы Авторландыру жүргізілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейінгі мерзімге Авторландыру сомасына шоттардағы ақшаға тосқауыл қоюға;
- 6.1.13. Банктің ішкі талаптарына сәйкес Клиенттің атына ашылған шоттардың жеке сәйкестендіру кодын біржақты тәртіппен өзгертуге, ақша қалдығын осы шоттан Клиенттің жаңа жеке сәйкестендіру нөмірі бар шотына аударуға. Шот нөмірінің аталған өзгерісі туралы Клиентке мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Клиент Банкке келген кезде, қашықтан байланысу арналары арқылы, Банктің операциялық залдарына хабарландырулар ілу арқылы, сондай-ақ Сайтта жариялау арқылы хабарлауға;
- 6.1.14. Мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін 15 (он бес) күн бұрын Сайтта жариялау арқылы Шартқа және Картаны пайдалану ережесіне біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге;
- 6.1.15. Сайттарда жариялау арқылы Тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге. Банк Шартқа сай осындай өзгерістер туралы хабарлаған сәттен бастап өзгертілген Тарифтер өзгертілген түрінде дереу күшіне енеді;
- 6.1.16. Банкке төлем және басқа да құжаттарды, сондай-ақ Банк талап еткен және/немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген, соның ішінде заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда ақпаратты бермеген жағдайда, Шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;
- 6.1.17. Клиент Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Картаны пайдалануды тоқтатуға және/немес тоқтата тұруға, сондай-ақ оны қайта қалпына келтіруден, ауыстырудан немесе жаңа Карта шығарудан бас тартуға;

- 6.1.18. Картаны үшінші тұлғаларға берген кезде Картаны алып алуға, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және Клиенттен Банкке келтірілген барлық шығынын (шығысын) Банкке өтеуін талап етуге;
- 6.1.19. Картаға қызмет көрсету шотында ақша болған кезде Клиент пен Банктің арасында жасалған кез келген шарт бойынша туындаған Банктің алдындағы Клиенттің Берешегін өтеу үшін Клиенттің өкімінсіз (акцептсіз тәртіппен және/немесе тікелей дебеттеу арқылы) есептен шығаруға;
- 6.1.20. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес Клиенттен заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында шот бойынша жүргізілетін банк операцияларына қатысты кез келген ақпарат пен құжатты (оған қоса, бірақ шектелмей) талап етуге;
- 6.1.21. Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің шоттарын жабуға;
- 6.1.22. Қайта шығарылған сәтте Банк Шарт бойынша өзі айналысқа шығаратын төлем карточкалары үшін қолданатын/пайдаланатын сипаттама (соның ішінде түрі, функциялары, сипаты, дизайны және т.б.) бойынша Картаны шығару тәсілін (электронды түрде, пластикте және т.б.) анықтауға, қайта шығаруға және Ұстаушыға беруге құқылы.
- 6.2. Клиенттің:
- 6.2.1 Клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде айына бір рет Шот-көшірмені жазбаша түрде тегін алып тұруға. Клиенттің қалауы бойынша қосымша Үзінді көшірме берілген жағдайда, Үзінді көшірме Тарифтерге сай ақылы негізде беріледі. Банк Үзінді көшірмені қашықтан байланысу арналары арқылы жолдайды;
- 6.2.2 Картаны пайдалану ережесінде және осы Шарттың талаптарында көзделген тәртіппен Картаға тосқауыл қою немесе оны тосқауылдан шығару туралы талабымен Банкке өтініш білдіруге;
- 6.2.3 Даулы Операция (Слиппен немесе чекпен) бойынша шағымды Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде жолдауға. Олай болмаған жағдайда жасалған Операция расталған болып саналады және Банк кейінгі шағымдарды қабыл алмауы мүмкін;
- 6.2.4 Картаны тапсырғанда және Банкпен барлық есеп айырысуды жүргізген кезде Шартты бұзуға бастама көтеруге;
- 6.2.5 Банкке жазбаша өтініш білдіру арқылы Операциялардың түрлеріне және белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қосымша карта арқылы жұмсауға қолжетімді сомаға шектеу қоюға құқығы бар.
- 6.3. Қашықтан байланысу арналарын пайдалануымен Клиент қажетті құпиялылық режимін қамтамасыз еткенін, барлық қажетті, соның ішінде зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалардан қорғану үшін техникалық және бағдарламалық ресурстары бар екенін растайды және Шот көшірмелерді және қашықтан байланысу арналары арқылы берілетін өзге ақпаратты жіберген кезде құпия ақпараттың жария етілу қаупін өзі көтереді.

7. Жинақ шотына қызмет көрсету талаптары

- 7.1. Клиенттің жинақ шотын ашу және жүргізу және Шарттың аясында салымды орналастыру қызметін көрсету мақсатында Банк электрондық банктік қызмет көрсету шартында көзделген тәртіппен және талаптарда жинақ шотын ашуы және/немесе жүргізуі мүмкін.
- 7.2. Салым бойынша сыйақы мерзімі, мөлшерлемесі және ЖСК (егер Банк Шарттың аясында Клиентке мұндай қызметті көрсететін болса) Жеке талаптарда көрсетіледі не болмаса қашықтан байланысу арнасы арқылы, не болмаса өзге тәсілмен хабарланады.
- 7.3. Шарт бойынша салым сомасы – Картаға қызмет көрсету шотындағы оң қалдықтың мөлшері. Қызмет көрсету аясында жинақ шот пен салым шартының талаптарына сәйкес салымды пайдаланғаны үшін төленетін сыйақыны есептеу үшін Банк берешек болмаған кезде Картаға қызмет көрсету шотындағы оң қалдықты Клиенттің жинақ шотына аударады. Оң қалдықтың ақшасына Картаға қызмет көрсету шотына ақшаны автоматты түрде аудару арқылы қол жеткізіледі.
- 7.4. Жинақ шоты бойынша көрсетілген қызмет ақысы Банктің Тарифтеріне сай төленеді.
- 7.5. Мультивалюталық қызмет көрсету ақысы Банктің Тарифтеріне сай төленеді. Банк мультивалюталық қызмет көрсету қызметін іске қосу тәртібін, сондай-ақ мультивалюталық қызмет көрсету ережесін айқындап, Сайтта жариялау арқылы Клиенттің назарына жеткізеді.

7.6. Шарттың қолданысы тоқтатылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге де жағдайларда жинақ шоты жабылуы тиіс.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Тараптар Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

8.2. Банк:

1) Клиенттің операциялары бойынша банк кұпиясын жариялағаны үшін жауапкершілік атқарады. Аталған операциялар жөніндегі мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және Шартта көзделген жағдайларда немесе Клиенттің келісімімен ғана үшінші тұлғаларға белгілі болуы мүмкін;

2) Шоттан дебеттелген сома, сондай-ақ осындай операция бойынша белгіленген комиссиялық сома шегінде қате жүргізілген операция үшін жауапкершілік атқарады. Бұл жағдайда Банктің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияны жоюмен және аталған соманы қайтарумен шектеледі.

8.3. Клиент:

1) Шарттың, Картаны пайдалану ережесінің талаптарын тиісінше орындамағаны үшін – Банктің шеккен және оған келтірілген шығыстар мен шығасылардың толық көлемінде;

2) Жоғалған/ұрланған Картаға тосқауыл қою туралы Банкке уақтылы хабарламаудың салдары үшін – Банктің шеккен және оған келтірілген шығындарының толық көлемінде;

3) Шотқа қате аударылған ақшаны Банкке қайтармағаны үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қате аударылған ақшаның мөлшерінде;

4) Банктің қызмет ақысын уақтылы төлеуге;

5) Карта бойынша операцияларды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының валюта заңнамасын және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтамағаны үшін;

6) Карта жарамсыз болып танылған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннің ішінде ХТЖ-ға төлеуге берген операциялардың сомасын уақтылы өтеуге;

7) Клиенттің кінәсінен Банктің шеккен шығыстары мен сот шығыстарын өтеуге – Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде;

8) Клиенттің Картаны пайдалану ережесін және Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін – келтірілген залалдың толық көлемінде жауапкершілік атқарады;

9) Клиент Картаның жоғалу, ұрлану фактісі туралы немесе оны уәкілеттік берілмеген тұлғаның пайдаланғаны туралы хабарлағанға дейін Картаны рұқсатсыз пайдаланудың нәтижесінде Тараптардың шеккен шығындарын өтеуге;

10) Клиент төлем құжаттарын өзі тұратын елдің заңнамасының талаптары бұзып ресімдеген жағдайда, Шотқа ақшаны аударуды кешіктіргені/аудармағаны үшін;

11) Операцияларды жүргізген кезде Картаны ұстаушының қате әрекеттері үшін;

12) кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариаттық қызметті, сондай-ақ жеке сот орындаушысы қызметін жүргізу мақсатында Шотты пайдаланғаны үшін – келтірілген залалдың толық көлемінде жауапкершілік атқарады.

8.4. Тараптар міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының: су тасқынының, жер сілкінісінің және өзге төтенше және осындай жағдайларда алдын алуға болмайтын жағдайлардың салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

8.5. Шарт талаптары тиісінше орындалмағаны үшін Банк заңнамада айқындалған тұрақсыздық айыбын (заңды тұрақсыздық айыбын) төлеуін талап етуге құқылы.

9. Шарттың қолдану мерзімі, оны өзгерту және бұзу

9.1. Шарт оны жасасқан сәттен бастап күшіне енеді. Шарт жиырма жыл мерзімге жасалады және Клиенттің жазбаша өтініші болмаған кезде дәл сол мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

9.2. Банк белгілеген нысанда Клиенттің қолы қойылған шотты жабу (Шартты бұзу) туралы Клиенттің өтінішін алғаннан кейін күнтізбелік қырық бес күн өткен соң немесе Клиенттің

қашықтан байланысу арнасы арқылы шоттарды және Картаны жабу әрекеттерін жүзеге асырғаннан кейін Шарттың қолданысы тоқтатылуы мүмкін, ал Банк мына жағдайларда:

- 1) Клиент Банкке Шарттың аясында шығарылған және берілген, бұрын Банкке қайтарылмаған және жоғалды/ұрланды деп мәлімделмеген барлық Карталарды қайтарғанда;
- 2) Клиент мерзімінен бұрын бұзатын күннің алдындағы ай үшін Шарт бойынша ақы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлегенде;
- 3) Клиент Шарт бойынша көрсетілген қызмет және банк қарызы шарты бойынша барлық берешекті өтегенде, егер мұндай шарт бойынша Банк Картаға несие лимитін берген болса, Клиенттің шотын жабуы мүмкін.

9.3. Шарт жасалған күннен бастап несие лимиті бар төлем карточкасын беру туралы шарттарға сай үлгілік ережелердің аясында Клиентке кешенді банктік қызмет көрсетуге байланысты Тараптардың қарым-қатынастары осы Шартпен реттеледі.

9.4. Банктік шоттарға қызмет көрсету заңнамасында аталған негіздер бойынша және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге негіздер бойынша Шарттың қолданысы тоқтатылуы мүмкін. Бұл ретте Банк Клиентке шотты жабу және Шартты бұзу туралы хабарлама жолдамайды.

9.5. Шарт бұзылған кезде:

- 1) Шот бойынша ақша қалдығы Клиентке қолма-қол ақшамен беріледі немесе Клиенттен келіп түскен электрондық нысандағы немесе қағаз тасымалдағыштағы нұсқауға сәйкес Клиенттің кез келген банктік шотына аударылады;
- 2) Карталарға қызмет көрсеткені үшін Клиенттің төлеген ақшасы қайтарылмайды.

9.6. Шартқа сәйкес Банк біржақты тәртіппен енгізетін өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, Шарттың барлық өзгерістері мен толықтырулары, егер олар жазбаша түрде жасалса және оған қос Тарап қол қойса, жарамды болады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде, соның ішінде ХТЖ ережесі мен жұмыс рәсімдеріне Шарт бойынша Тараптардың арасындағы құқықтық қарым-қатынастарын қамтитын өзгерістер енгізілген жағдайда, Шарттың ережелері де сәйкесінше өзгертілген немесе толықтырылған болып саналады. Шартты орындауға байланысты мәмілелер, соның ішінде Шарттың талаптарын, сауалнама деректерін және Жеке талаптарды өзгерту, жаңа мөлшерлерді енгізу немесе мөлшерлерді көбейту, Шартты орындауға байланысты комиссиялар мен өзге де төлемді алу тәртібін немесе талаптарын өзгерту, төлем жасау тәртібін, әдісін және тәсілдерін өзгерту екіжақты тәртіппен қашықтан байланысу арналары арқылы хабарламалар алмасу арқылы Банк көздеген тәсілмен, атап айтқанда, ДСЖК, ЖСН-кодын енгізу, электрондық және өзге құжат алмасу, Жеке кабинетте немесе электрондық терминалда әрекеттер жасау арқылы жасалуы мүмкін. Осы тармақта көзделген тәсілдердің бірімен жасалған мәмілелер Тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде мәміле жасауға теңестіріледі.

9.7. Банк Шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге, соның ішінде қарызға қызмет көрсетуге байланысы жоқ комиссиялар мен Тарифтерді өзгертуге және Шарттың аясында жаңа қызметті енгізуге құқылы. Бұл жағдайда қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Мұндай өзгерістер туралы Клиентке мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін 15 (он бес) күн бұрын қашықтан байланысу арнасы арқылы хабарланады.

9.8. Шарттың талаптарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген жағдайда, Клиент бұзғаны үшін қосымша комиссия төлеместен, мұндай өзгерістер немесе толықтырулар енгізілетін күнге дейін Банкке жазбаша хабарлама жолдап, Шарттан бас тартуға құқылы. Операциялар жүргізу арқылы Клиент Шарттың жаңа талаптарымен келісетінін растайды.

9.9. Қайта енгізілген ақылы қызмет көрсету Шартта көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

- 1) Банк Шарт жасалған сәтте Шартта көзделмеген жаңа қосымша ақылы қызметтерді ұсынған жағдайда, Банк қашықтан байланысу арналарымен, Банктің Сайттарына осындай жаңа қызметтерді көрсету талаптарын орналастыру арқылы Клиентке қосымша қызмет көрсетуді (қосуды) ұсыну туралы хабарлама жолдайды. Клиентке қосымша қызмет көрсету (қосу) Клиент қызметті алу бойынша іс-әрекеттерді жасау, Шартта көзделген тәсілдермен ақпаратты сұрату, қашықтан байланысу арналары арқылы қызмет көрсетуді растау сияқты жарияланған қосымша қызмет көрсету талаптарында көзделген әрекеттерді және өзге де әрекеттерді жасаған жағдайда жүзеге асырылады;

2) қайта енгізілген тегін қызметтер Банк көрсеткен күннен бастап көрсетіледі, бұл ретте Банк өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен Клиентке хабарлайды.

10. Ерекше талаптар

10.1. Банк қосымша хабарлама жолдамай немесе шарттарда көзделген жағдайларда қашықтан байланысу арнасы арқылы оны жолдап, Жеке талаптарды толық немесе бөлігін қайтарып алуға құқылы.

10.2. Сауда және сервис кәсіпорны мен Клиенттің арасындағы тауарларды беру/жұмыс/қызмет көрсету бойынша өзара қарым-қатынастар (жиынтықтау, орнату, техникалық, сервистік және кепілдік қызмет көрсету) сауда және сервис кәсіпорны мен Клиенттің арасында Банктің қатысуынсыз өз бетінше реттеледі. Банк барлық жағдайда тауарды жеткізу/жұмыс/қызмет көрсету шартының орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

10.3. Клиент пен сауда/сервис кәсіпорнының арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Банктің қатысуынсыз шешіледі. Төлеуге берілген Операциялар бойынша даулар туындаған жағдайда, Банк Клиентке кеңес береді.

10.4. Банк қайтарылған тауар үшін сауда және сервис кәсіпорны қайтарып берген, Карта арқылы төленген ақшаның Клиенттің Шотына аударылуын қамтамасыз етеді, бұл ретте ақшаны қайтару операциялары сауда/сервис орны ресімдеген чектің/Слиптің негізінде ақшаны Шотқа есепке жазу арқылы қолма-қол жасалмайтын тәртіппен ғана жүргізіледі.

10.5. Тараптар Шарт бойынша кейбір құқықтары мен міндеттерін Шарт бойынша басқа Тараптың жазбаша келісімімен ғана беруге жол берілетінімен келіседі.

10.6. Тараптар Шартты орындауға байланысты олар алмасатын ақпаратты құпия деп санауға және Шарттың талаптарына сай жағдайларды және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай ақпаратты беру міндетті болып табылатын жағдайларды қоспағанда, оны екінші Тараптың жазбаша рұқсатынсыз жария етпеуге келіседі.

10.7. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

10.8. Клиент Өтінішке қол қойған жағдайда, Өтініштің күні мен Өтініштің тіркеу нөмірі сәйкесінше Шарт жасалған күн және Шарттың нөмірі болады.

10.9. Клиенттің Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Банктің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

10.10. Хат жазысу, Операциялар жүргізу және өзге де іс-әрекеттерді жасау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда электрондық цифрлық қолтаңба немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау іс-әрекеттерінің элементтерін қолдану арқылы қорғалған байланыс арналары пайдаланылуы мүмкін.

11. Дауларды шешу және Клиенттің өтініштерін қарау тәртібі

11.1. Клиент Картаны пайдаланып жасалған нақты шығыс операциясымен келіспеген жағдайда, Клиент Шот дебеттелген күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде осындай шағымның (болған кезде) негізділігін растайтын құжаттарды қоса тіркеп, бұл туралы Банкке жазбаша түрде хабарлайды. Банктің көрсетілген мерзім ішінде Клиенттен мұндай хабарламаны алмауы Картаны пайдаланып жасалған шығыс операциясының дұрыстығын растау болып саналады.

11.2. Банк Картаның рұқсатсыз пайдаланылу қаупін азайту мақсатында Клиенттің мүддесін қорғау үшін даулы Операция бойынша тексеру жүргізген кезде, Картаға Тосқауыл қоюды және/немесе оны алуды қосқанда, өз қалауы бойынша Клиенттің шығындары мен шығыстарының алдын алу шараларын қолдануы мүмкін.

11.3. Клиенттің шағымдарын қарау мерзімі ішінде Банк даулы Операция сомасына төлем мен комиссияны есептейді, Клиент оларды Шартқа және Тарифтерге сай төлеуі тиіс. Клиенттің Картаны пайдаланып жасалған даулы Операция бойынша шағым келтіруі Клиентті Шартқа сәйкес төлем жасау міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

11.4. Егер Банк Клиенттің даулы Операция жөнінде шағымдарын негізді деп таныса, Банк мұндай Операцияның сомасын немесе оның баламасын қайтарады.

11.5. Клиенттің даулы Операция жөніндегі өтініші бойынша жүргізілген тексерудің нәтижесінде Клиенттің шағымы негізсіз деп танылған жағдайда, Банк Клиенттен мұндай даулы

Операция бойынша Банктің қызметтік тексеру жүргізуіне байланысты Банктің барлық шығысын нақты құны бойынша өтеуін талап етуге құқылы.

11.6. Банк Клиенттің өтініштерін, соның ішінде рұқсатсыз төлем жөніндегі, сондай-ақ Картаны пайдалануға байланысты өзге даулы операциялар туындаған кездегі өтініштерін осындай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде қарайды.

11.7. Мына жағдайда: Қазақстан Республикасының резиденті емес банк желісінде Картаны пайдаланып операция жасалған жағдайда, Клиенттің өтініштерін қарау мерзімдері мұндай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен, бірақ көп дегенде күнтізбелік 30 күнге асуы мүмкін, бұл туралы өтініш білдірушіге қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік 3 күннің ішінде жазбаша түрде хабарланады.

11.8. Банк негізді шағым бойынша Клиентке ақшаны ол Банкке қайтарылған кейін ғана Банктің және/немесе ХТЖ нормалары мен ережелерін сақтай отырып қайтарады.

11.9. Карта бойынша рұқсатсыз төлем жасалған кезде Клиентке шығын келтірілген жағдайда, Банк Клиент рұқсатсыз төлем жасауда Банктің кінәсін растайтын құжаттарды берген кезде, Клиенттің тиісті жазбаша талабын алған сәттен бастап 30 күннің ішінде рұқсатсыз жасалған төлемнің мөлшерінде келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді.

11.10. Тараптар даулар мен келіспеушіліктерді реттеу үшін барлық қажетті күш пен шараларды қолданады. Банк пен Клиенттің арасындағы келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер барысында реттелмесе, онда дау Банктің орналасқан орны бойынша сотта немесе Банктің қалауымен оның филиалында қаралуы тиіс.

11.11. Осы Шартта көзделмеген қалған барлығында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Картаны пайдалану ережесі

1. Картаны алу

Карта Банктің бөлімшесінде тікелей Ұстаушыға не болмаса Ұстаушы уәкілеттік берген тұлғаға беріледі. Карта электронды түрде шығарылған жағдайда, оның деректемелері туралы ақпарат Ұстаушыға Қашықтан байланысу арналары арқылы беріледі.

Карта шығарылып, тоқсауыл қойылған түрінде беріледі. Оны алғаннан кейін Картаны Ұстаушы ЖСН-код үшін Клиенттерді қолдау қызметіне хабарласуы тиіс. Аталған талаптар электронды түрде шығарылған Картаға қолданылмайды.

Картаның қолданылу мерзімі айдың екі цифрымен және жылдың соңғы екі цифрымен белгіленеді. Карта мерзімнің соңғы күнінен дейін (қоса алғанда) жарамды.

Картаны басқа тұлғаларға, соның ішінде сенімхат бойынша пайдалануға беруге немесе кепіл ретінде беруге тыйым салынады.

2. Картаны пайдалану

Карта:

- 1) сауда және сервис орындарында тауар мен қызмет ақысын төлеу;
- 2) банкоматтардан, осындай операцияларды жүргізуге арналған терминалдардан, қолма-қол ақша беретін орындардан қолма-қол ақша алу үшін;
- 3) Интернет желісінде аударым жасау үшін және зат сатып алу үшін пайдаланылады.

Осы бөлімнің 1) және 2) тармақтарында көрсетілген операцияларды электронды түрде шығарылған Карталар арқылы жасауға болмайды. Банктің қалауы бойынша, соның ішінде ЭБТҚ ережесінде көзделген жағдайларда аталған шектеулер жойылуы мүмкін.

Банкоматтан қолма-қол ақша алу үшін оның экранындағы нұсқаулықты орындаңыз. ЖСН-кодын енгізген кезде ұқыпты болыңыз! Егер ЖСН-коды 3 рет дұрыс терілмесе, Картаға тосқауыл қойылады. Операцияны жүргізіп болған соң Картаңыз бен ақшаңызды тез арада алыңыз, әйтпесе қорғаныс жүйесі іске қосылады да, Картаны Ұстаушының ақшасының сақталуы мақсатында Карта немесе ақша банкоматта ұсталынып қалады. Егер банкомат Картаңызды ұстап қалса, Клиенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Банктің кассасынан қолма-қол ақшаны жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ғана алуға болады.

Карта бойынша операция жүргізген кезде сауда және сервис орнының қызметкері жеке басыңызды куәландыратын құжатыңызды көрсетуіңізді сұрай алады.

Интернет желісінде зат сатып алған кезде тексеруден өткен, сенімділігіне өзіңіз көз жеткізген интернет дүкендерді пайдалануға тырысыңыз.

3. Картаны қайта шығару

Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты Банк Ұстаушыға Банктің таңдауы бойынша Қашықтан байланысу арналарының бірімен Картаның деректемелерін ұсына отырып, автоматты түрде Картаны электронды түрде қайта шығаруы мүмкін. Қайта шығару Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе кейін кез келген кезеңде жүзеге асырылуы мүмкін.

Ұстаушының бастамасы бойынша (жоғалғанның орнына және/немесе алдағы уақытта мерзімінің өтуіне байланысты және/немесе Ұстаушының Картаны заттай тасымалдағышта (пластикте) алу

алу арқылы бұрын электронды түрде шығарылған Картаны қайта шығарғысы келген жағдайда және т.б.) Картаны қайта шығару Ұстаушының Банкке берген жазбаша, электрондық немесе ауызша өтініші (бұдан әрі – өтініш) жүзеге асырылады. Ұстаушы Картаны қайта шығаруға электрондық өтінішті Жеке кабинет арқылы www.kaspi.kz сайтында техникалық мүмкіндік болған кезде береді. Карта электронды түрде шығарылған жағдайда, картаның деректемелері туралы ақпарат Ұстаушыға Қашықтан байланысу арналарының бірімен хабарланады.

4. Картаны тосқауылдау

Картаны сіз сондай-ақ www.kaspi.kz/bank сайтында, 9999 телефоны арқылы немесе шетелден телефон соғу үшін +7 (727) 258 59 65, 258 59 89 телефон нөмірлері арқылы тосқауылдай аласыз. Тосқауылдау туралы талапты Ұстаушы қойған болып саналады және Банк Картаны Тосқауылдау салдары үшін шағымдарды қабылдамайды.

5. Картаны жоғалтып алу/оның жоғалуы

Егер сіз Картаның жоғалғанын анықтасаңыз немесе сізге оның заңсыз пайдаланылғаны туралы белгілі болса, бұл туралы тәулік бойы жұмыс істейтін Клиенттерді қолдау қызметіне дереу хабарлаңыз.

6. Картаны пайдаланған кездегі қауіпсіздік шаралары

Ақшаңыздың қауіпсіздігі үшін сайтта интернеттен зат сатып алу мүмкіндігін қосуыңызға немесе өшіруіңізге және www.kaspi.kz сайтында қолайлы соманы таңдауыңызға болады.

Бақылау, Карта бойынша операциялар, Картаның деректемелері туралы ақпаратты және өзге ақпаратты алу үшін Ұстаушы www.kaspi.kz сайтында Ұстаушының Жеке кабинетке қолжетімділік алуы үшін қажетті әрекеттерді орындауға міндетті.

7. Банктің ұсынымдары:

- ЖСН-коды мен банк картасын басқа адамдарға бермеңіз.
- ЖСН-кодын банк картасына жазбаңыз.
- ЖСН-кодын картамен бірге сақтамаңыз және оны немесе CVC/CVV-кодты басқа тұлғаларға хабарламаңыз.
- картаға қызмет көрсету мәселелері жөнінде Банкке хабарласқан жағдайларды қоспағанда, Картаңыздың деректерін (деректемелерін) (соның ішінде картаның нөмірін, картаның қолданылу мерзімін) телефон арқылы хабарламаңыз.
- Картаңыз өзіңізде болсын немесе басқаларға қолжетімді емес жерде сақтаңыз.
- Электрондық поштаңызға жолданған, жеке деректеріңізді немесе Картаңыз туралы деректерді сұратқан хаттарға жауап бермеңіз. Карта туралы деректерді алудың ең қауіпті тәсілдерінің бірі алаяқтардың Сізге Банктің, төлем жүйесінің немесе қандай да бір сайттың атынан хабарласуы екеніне назар аударыңыз. Бұл үшін карта бойынша дербес деректерді беруіңізді немесе ауыстыруыңызды сұрап, электронды хат жолдайды немесе телефон соғады. Құпия деректеріңізді ешкімге айтпаңыз. Пароліңізді, төлқұжатыңыздың нөмірін, банк картасының нөмірін және оның ЖСН-кодын, банк картасы бойынша соңғы операциялар туралы ақпаратты немесе басқа құпия ақпаратты сұрататын кез келген компанияға немесе тұлғаға күмәнмен қараңыз.

8. Шағымдарды қарау

Ұстаушының шағымдары Банкке жазбаша және электронды түрде жолданады. Ұстаушының шағымын қарау мерзімі www.kaspibank.kz және www.kaspi.kz сайтында орналастырылған Төлем картасына және ағымдағы шотқа қызмет көрсетуге қосылу шартының талаптарында айқындалады.

9. Хабарламалар

Банкке хабарламалар мен өтініштер жазбаша және электронды түрде беріледі.
Картаға қатысты барлық мәселе жөнінде «Kaspi Bank» АҚ-тың Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне тәулік бойы +7 (727) 258-59-65, 258 59 89, (ұялы телефоннан) 9999 телефон нөмірлері арқылы хабарласыңыз. Аймақтық Клиенттер көп арналы 8-800-080-1881 нөміріне хабарласа алады.
